

Бейсенова А.С., Жандосова Г.Ө., Алиаскаров Д.Т.*

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., *e-mail: duman_06@mail.ru

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ АГЛОМЕРАЦИЯ РЕТІНДЕ ДАМУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Мақалада Алматы қаласының агломерация ретінде дамуының теориялық мәселелері талданды. Қалалық агломерацияларды анықтауда бірқатар шарттар қолданылады: қала халқының тығыздығы мен үздіксіз құрылысы; ірі қала-орталығының болуы (ереже бойынша, халық саны 100 мың адамнан кем емес); ауыл шаруашылығы жұмыскерлеріне жатпайтындардың үлес салмағы; тұрақты мекен-жайсыз жұмыс жасаушылар; серіктес қалалық қоныстардың қала-орталығымен байланыстың болуы; өндірістік байланыстар; қала-орталығынан 1,5 немесе 2 сағаттық изохрондағы еңбек қозғалысы және т.б.

Урбандалған аумақтарды зерттеудің кеңістік-жүйелік мәселелері Алматы қаласы мен оның аумақтарының мысалында қарастырылған. Урбандалған аумақтардың жүйе ретіндегі қасиеттері анықталған. Алматы қаласының агломерация орталығы ретінде дамуына әсер етуші факторлар жан-жақты зерттеліп, оған ғылыми тұрғыда талдаулар жасалынған. Еліміздегі аса ірі агломерациялық орталық ретінде қалыптасқан Алматы қаласының тартылыс аймағы (әсер ету) айқындалып, әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктеріне баға берілді. Шет елдер және отандық ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалына отырып, қала агломерациясының басты белгілері ажыратылды. Қалалық агломерациялардың қалыптасуының басты бағыттары айқындалды. Қала аумағының ұлғаюына қатысты деректер талданып, қала агломерациясының құрылымдық-функциялық байланыстары жүйеленді. Қазақстан Республикасының стратегиялық бағдарламаларында келтірілген негізгі шарттарға талдау жасалды. Алматы қаласының агломерация ретінде дамуының басты шарттары анықталды.

Түйін сөздер: қала агломерациясы, агломерацияның құрылымдық элементі, агломерациялық әсер, маятниктік көші-қон, контрмагнит қалалар, «жалған урбандалу».

Beisenova A.S., Zhandosova G.O., Aliaskarov D.T.*

Abai Kazakh National Pedagogical University,
Kazakhstan, Almaty, *e-mail: duman_06@mail.ru

Theoretical foundations of the development of Almaty city as agglomeration

This article deals with the theoretical problems of the development of Almaty city as agglomeration. Various criteria are applied for the allocation of urban agglomerations such as the density of the urban population and the continuity of development; the presence of a large city center (usually with a population of at least 100 thousand people); the proportion of non-agricultural workers; share of employees outside their place of residence; the number of urban satellite settlements and the intensity of their connections with the city center; production links; isochronal labor movements up to 1.5 or 2-hour from the city center, etc.

The space-system problems of studying urbanized areas are considered on the example of the city of Almaty and its environs. The characteristics of urbanized areas as systems. Extensively researched and scientific analysis of the factors influencing on development of Almaty city as an agglomeration center. The zones of attraction (influence) of Almaty formed as the largest center of agglomeration in the country is determined, and its socio-economic characteristics are evaluated. Analyzing the works of foreign and domestic scientists, the main features of urban agglomeration are highlighted. The main

directions of formation of urban agglomerations are determined. The data on the expansion of the city territory are analyzed and the structural and functional ties of the urban agglomeration are systematized. The main criteria listed in the strategic programs of the Republic of Kazakhstan are analyzed. Republic of Kazakhstan are analyzed. The main criteria for the development of Almaty city as agglomeration are determined.

Key words: urban agglomeration, structural element of agglomeration, agglomeration effect, pendulum migration, cities-counter magnets, false urbanization.

Бейсенова А.С., Жандосова Г.О., Алиаскаров Д.Т.*

Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Казахстан, г. Алматы, *e-mail: duman_06@mail.ru

Теоретические основы развития города Алматы как агломерации

В данной статье проанализированы теоретические проблемы развития города Алматы как агломерации. Применяются различные критерии выделения городских агломераций: плотность городского населения и непрерывность застройки; наличие большого города-центра (как правило, с населением не менее 100 тысяч человек); удельный вес несельскохозяйственных рабочих; доля работающих вне места жительства; количество городских поселений-спутников и интенсивность их связей с городом-центром; производственные связи; 1,5- или 2-часовым изохронам трудовых передвижений от города-центра и т.д.

Рассмотрены пространственно-системные проблемы исследования урбанизированных районов на примере города Алматы и его окрестностей. Определены характеристики урбанизированных районов в качестве систем. Всесторонне исследованы и научно проанализированы факторы, влияющие на развитие города Алматы как агломерационного центра. Определены зоны притяжения (влияния) города Алматы, как крупнейшего центра агломерации в стране и оценены ее социально-экономические особенности. Анализируя труды зарубежных и отечественных ученых, выделены основные особенности городской агломерации. Определены основные направления формирования городских агломераций. Проанализированы данные о расширении территории города и систематизированы структурно-функциональные связи городской агломерации. Проанализированы основные критерии, перечисленные в стратегических программах Республики Казахстан. Определены главные критерии развития города Алматы как агломерации.

Ключевые слова: городская агломерация, структурный элемент агломерации, агломерационный эффект, маятниковая миграция, города-контрмагниты, «ложная урбанизация».

Кіріспе

Қалалық агломерациялардың дамуы – қазіргі заманғы қоныстанудың күрделі мәселелерінің бірі және кәсіби қоғам дамуында кең талқыланады. Әлемдік экономикада қала агломерациясы жаңарудың және жедел дамудың, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі құралы ретінде сипатталады. Қоныстанудың нүктелік формасы ретінде қаланың орнына қала агломерациясы келеді, олардың өндірістік, еңбек, мәдени және ғылым, білім байланыстары өндірістік күштердің даму деңгейінің жеткілікті дәрежеде жоғары болуын қамтамасыз етеді және экономика дамуының жаңа жағдайларының сапалы қалыптасуына жол ашады.

Әлемдік және отандық урбандалу көрсеткішінің жыл сайын оң нәтиже көрсетуі – жаңа агломерациялардың қалыптасуына негіз болады. Еліміздегі агломерациялық жүйелердің

жаһандық ауқымдағы маңызы болмаса да, аймақтық (Астана, Алматы) және жергілікті (Қарағанды, Ақтөбе) ролі өте жоғары. Бұлар басқа өңірлерге қарағанда, қаржы ресурстарының, білім және ғылыми ұйымдардың, еңбек ресурстарының және т.б. қызметтердің шоғырлануымен ерекшеленеді. Ел аумағында қалыптасқан агломерациялардың тағы бір ерекшелігі, урбандалу эволюциясының бастапқы ірі қалалық сатысында екендігін көруге болады. Және бұл агломерацияларға орталық және қала маңы аймақтарының даму теңгерімсіздігі тән. Көп жағдайда соңғы аталғандар басым түрде ауылдық аумақтар ретінде дамиды.

Елімізде қалыптасып келе жатқан агломерациялар үшін олардың шекараларын және агломерациялардың ықпал ету аймағына кіретін елді мекендерді (серіктес қалаларды, іргелес қалаларды, кенттерді, ауылдарды қоса алғанда) айқындау өзекті мәселе болып табылады. Осы ретте, еліміздің оңтүстік-шығысындағы аса ірі

агломерациялық жүйе – Алматы агломерациясының теориялық мәселелерін талдауды жөн көрдік.

Алматы – агломерациялық орталық ретінде белсенді қалыптасып келе жатқан елдің ең ірі мегаполисі. Алматы қаласының ықпал ету аймағына Талғар, Есік, Қаскелең, Қапшағай қалалары және тығыз экономикалық, еңбек және әлеуметтік байланыстары бар жанында орналасқан кенттер мен ауылдар жатады. Алматы қаласы ұлттық және әлемдік нарықтармен байланысты қамтамасыз ететін адами, қаржылық ресурстардың, білім беру және ғылыми әлеуеттің, дамыған инфрақұрылымның жоғары шоғырлануымен ерекшеленеді (Өңірлерді дамыту – 2020, 2016; Бейсенова, 2012). Қаланың жалпы ішкі өнімдегі үлесі республикалық көлемде 20,9%-ды құрайды (Алматы қаласы әкімдігінің ресми интернет-ресурсы, 2017).

Халық саны 2,5 млн адамды құрайтын Алматы агломерациясының (шекаралас аудандар мен серіктес-қалаларымен) ықпал ету аймағына мыналар: орталық (өзек) – Алматы қаласы, қала маңында орналасқан Алматы облысының бес әкімшілік ауданының (Қарасай, Талғар, Іле, Еңбекшіқазақ, Жамбыл) бірнеше елді-мекендері, сондай-ақ Қапшағай қалалық әкімшілігінің аумағы жатады. Ықпал ету аймағы қала мен қала маңы мекендерінің барынша тығыз байланыстарын негізге ала отырып, айқындалған (күнделікті еңбек маятниктік көші-қоны шамамен 250 мың адамды құрайды) және Қапшағай, Қаскелең, Талғар, Есік қалаларының, Ұзынағаш ауылының қалыптасқан қоныстандырылуын ескереді (Бейсенова, 2014; Концепция формирования и развития. 2014). Яғни, еліміздің оңтүстік-шығысындағы қоныстар арасындағы байланысты қамтамасыз ететін Алматы агломерациясының теориялық мәселелері біздің зерттеу жұмысымыздың өзектілігіне негіз болады.

Бастапқы мәліметтер және зерттеу әдістері

Қалалар еңбек капиталының, бәсекелестіктің, ақпараттың орталық алаңы болып саналады. Осы органы зерттеу әртүрлі мамандық иелерінің қызығушылығына негіз болғаны ертеден белгілі. Қалалардың кеңістік мәселелері, эволюциясы туралы сұрақтар географ мамандардың ортасында да көп талқыланған. Қалалардың кеңістіктік топтасуы туралы алғашқы деректер 1920 жылдардан бастап белгілі бола бастады. Ғылыми әдебиеттерде ғалымдар бұл құбылысты ме-

галополис (Doxiadis, 1968; Gottmann, 1976; Lang&Knox, 2009), қалалық агломерация (Kawashima, 1975; Yao et al, 2006; Лаппо, 2009; Перцик, 2009), қалалар тобы (Bertinelli & Black, 2004), әлемдегі қалалық-аймақтар (Song, 1980; Scott, 2001) және қалалар кластері (Portnov & Schwartz, 2009; Portnov, 2006; Wu, 1999) секілді терминдермен сипаттады. Жалпы, урбандалу үрдісінің қарқынды жүруі, қалалар шоғырының қалыптасуы ғаламдық мәселелер қатарында. Урбандалу үрдісіне негіз болатын агломерациялар санының артуы, соңғы уақыттарда оң көрсеткішпен сипатталады. БҰҰ жанындағы Әлеуметтік және экономикалық мәселелер департаментінің 2016 жылы келтірген деректері бойынша әлем халқының 54,5%-ы (4 034 млн адам) қалаларда қоныстанған (The World's Cities in 2016 – Data Booklet, 2016). 2016 жылы әлемде халық саны 1 млн-нан кем емес қалалар саны (агломерация орталықтары) 512 бірлікті құраса, 2030 жылға қарай мұндай қалалардың саны 662-ге жететіні болжануда (The World's Cities in 2016 – Data Booklet, 2016). Яғни, урбандалу үрдісінің жедел қарқынмен жүруі, мәселенің өзектілігі, зерттеуші ғалымдардың бұл тақырыпқа деген қызығушылығын арттыруда. Бұл мәселеге қатысты жүргізілген зерттеу жұмысы 1922 жылы біреу ғана болса (Web of Science мәліметтер базасы негізінде), қазіргі таңда 32 231 академиялық еңбекте осы мәселе талданған (Fang and Yu 2017).

Отандық ғалымдар еңбектерінде қалалардың кеңістік топтасуы мен даму мәселелеріне қатысты бірқатар өзекті мәселелерді шешуге бағытталған зерттеу жұмыстары орындалған. Атап айтқанда, Алматы агломерациясын қалыптастыру және дамыту концепциясына қатысты зерттеулер (Концепция формирования и развития. 2014), қалалар географиясының ерекшелігін түсіндіретін жұмыстар (Каймулдинова&Бейкитова, 2014), Алматы агломерациясы аумағында тұратын халықтың тіршілік әрекеті мен экономиканың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және инновациялық дамуына қатысты зерттеулер (Бейсенова, 2013; Beysenova et al. 2016), урбандалған аумақтардың тұрақты дамуына әсер ететін табиғи қауіптер мен қатерлерді басқару (Абдиманапов, 2012), Астана қаласының қауіпсіз дамуының теориялық және концептуалды мәселелерін талдауға арналған (Генеральный план города Астаны, 2001) жұмыстар орындалған. Шет ел ғалымдарының және отандық урбанист мамандардың еңбектеріне талдау негізінде, қала агломерациясына қатысты негізгі ой-тұжырымдарды төмендегідей түйіндеуге болады.

Қала агломерациясы – ықшамды және салыстырмалы түрде жоғары дамыған, бірінбірі толықтыратын қалалық және ауылды мекендердің байланысы. Ол бір немесе бірнеше қала-ядроларында топтастырылатын және көпүлгілі интенсивті байланыстарымен біріккен; бұл ареал, қазіргі ірі қалалар мен оның серіктерінің тұрғындардың апталық өмір айна-

лымы көрсетілетін, потенциалды және шынайы өзара әрекеттерінің кеңістігі. Агломерацияның негізгі ерекшеліктерін талдау барысында олардың маңызды белгілерін ажыраттық (1-сурет).

Қала агломерацияларының экономикалық қалыптасуы мен дамуы әртүрлі қызметтер мен тұрғындардың аумақтық шоғырланудан артықшылықтарын көрсетеді.



1-сурет – Қала агломерациясының басты белгілері

Қалалық агломерациялардың қалыптасуының 2 бағытын көрсетуге болады:

1. Қалалық агломерация ірі орталықтың дамуының ең жоғары сатысы (агломерация дамуы «қаладан»): үлкен қала өзінің дамуында «ядродан» (қалалар-орталықтар) және перифериядан (оларды қоршайтын серіктерден) тұратын агломерацияға айналуы жинақтайды.


2. Ауданнан агломерацияның қалыптасуы – ірі ресурстық алаптардың негізінде, сонымен қатар ірі ауыр индустрияның негізінде: қаласеріктер территориялды топтарының негізінде біртіндеп шаруашылық ұйымдастырушы, ғылыми, мәдениетті және т.б. қызметтері дамитын маңызды қала бөлінеді; қала осының негізінде агломерация ядросы болады (Лаппо, 2009).

Зерттеу нәтижелері

Қазақстандағы агломерациялық процеске талдау жасау кезінде еліміздің ірі қалаларының айналасында қалалық агломерациялар – Алматы, Астана, Шымкент құрылып жатқандығы анықталды (О развитии городских агломераций в Казахстане, 2012). Қазақстандық агломерациялар урбандық дамудың бастапқы, ірі қалалық кезеңді бастан кешіп отыр. Ірі агломерацияларға оның орталық және қаламаңы зоналарының дамуында теңсіздік тән болады.

Барлық үш орталықтың экономикасы жедел түрде қызмет көрсету саласын дамытады, олар өзінің «экономикалық бейнесін» қалыптастырып қана қоймай, бренд деңгейінде тартымды болады. Сонымен бірге осы үш агломерациялық орталықтар, әсіресе Алматы үшін, халық санының шексіз өсуін реттеу және дамудың жаңа принциптеріне көшу мәселесі өзекті болып табылады. Қала аумағының ұлғаюында тәуелсіздік жылдардағы өзгерістерінің өзі өте ауқымды сипат алды (2-сурет) (План – схема ..., 2012). Әсіресе, қала аумағын ұлғайту мақсатында 2014 жылы 23 200 га жаңа жер қосылды (Указ Президента Республики Казахстан, 2014). Қазіргі таңда қаланың жалпы аумағы – 68 200 га құрайды.

Бұл жағдай Қазақстанның жылдам өсіп келе жатқан қалалардағы әлеуметтік-экономикалық және демографиялық процесті басқаруды бақылауға алу қажеттігін тудырады. Агломерациялану процесіне бақылау жасауды азайту «жалған урбандалу» феноменіне алып келеді және қалалардағы жалпы әлеуметтік үйлесімсіздікті арттырады (Бейсембаева, Алибекова, 2013). Агломерациялық орталықтарында халықтың өте тығыз орналасуы (Алматы, Шымкент сияқты қалаларда), қала инфрақұрылымының теңестірілген дамуға негізделмеуі, қосымша еңбек салаларының жоқтығынан Қазақстандағы агломерациялану процесі жағымсыз сценарий бойынша жүруі мүмкін.



2-сурет – Қала аумағының өсу динамикасы (1918-2012 жж.)

Сондықтан тұрақты кеңістіктік дамудың қағидаларына ауысу қажет: аумақты ұлғайтудың орнына қалаларды дамыту; орталық қала мен қала маңы арасындағы мамандану мен атқару қызметтерінің бөлінісі; агломерацияларды қала-аудандарға айналдыру және т.б. Агломерацияларды өзара байланысқан аумақтық құрылым ретінде дамытуды жоспарлаудың жаңа тәсілдері қажет, олар қала мен оның агломерациялық шеңберінде қала құрылысының әлеуметтік-экономикалық даму кешенділігі мен үйлесімділігін қамтамасыз етуі керек.

Ірі қалаларды дамытудың нақты алғышарттары бар жаңа экономика ҚР аумақтық-кеңістіктік ұйымдастыруының негізі болады. Бұл мемлекеттің экономика саласының жоғары технологиялық өндірісіне бағытталған кластерлердің қалыптасуы мен дамуын анықтайды, осы кластерлер урбандалған аймақтарда шоғырланады.

Стихиялы қалыптасқан агломерацияларды перспективалы дамыту экономикалық, инфрақұрылымдық және өзге процестерді үйлестіретін қала құрылыс шешімдерінің негізінде оларды аумақтық дамытуды басқару жүйесін жасау негізінде реттелуі тиіс. Қала агломерацияларын бөлудің (сәйкестендіру) жалпыға танымал атрибуттарына (белгілеріне) жанамалас қалалар және өзінің аумақтық ортасы бар жеке ірі қалалар арасындағы құрылымдық-функциялық байланыстар жатады, олардың қатарында инфрақұрылымның ортақтығы және т.б. бар, мұны сызба-үлгі түрінде көрсеттік (3-сурет).

Ірі қаланың, соның ішінде Алматы қаласының құрылысы жүйесін құруда агломерацияның барлық тұрғындары пайдалана алатын өзара байланысты оң әсерлерге мыналар жатады:

1) сараланған және саны неғұрлым көбірек еңбек нарығын қалыптастыру әсері – бұл аумақты автоматты түрде әртүрлі инвестициялық салымдар үшін неғұрлым тартымды етеді, өйткені инвестор қажетті біліктілігі бар мамандарды іздеуге аз шығынданады;

2) аумақ тартымдылығының тауарларды өткізу және қызметтер көрсету нарығы ретінде күрт арту әсері. Мұндай қызметтер көрсететін компаниялар өз жұмысын жергілікті тұтыну нарығының сыйымдылығына бағдарлана отырып жүзеге асырады: экономикалық өсудің жеделдеуімен қоса қызмет көрсетуді тұтынушылардың әлеуетті класының едәуір ұлғаюы қалаларды халық саны жағынан қаламен – агломерацияның өзегімен салыстырылатын өңірлік орталықтарға қарағанда неғұрлым тартымды етеді;

3) «инфрақұрылымдық әсер» туындату – жаңа энергия қуаттарын, қуатты көлік кешендерін, мультимодальды тораптарды, ақпараттық коммуникацияларды, мәдениет, білім беру және инновациялық инфрақұрылым құрылысы саласындағы аса ірі жобаларды іске асыруға болады;

4) ірі орталықпен көрші болу әсері – агломерацияның барлық тұрғындары үшін еңбек, білім, сауда, мәдени және агломерацияның әртүрлі аймақтарындағы басқа да мүмкіндіктерге толық ауқымды қол жетімділігі;

5) экономикалық өсу, халық әл-ауқатының өсуі, шағын және орта қалалық кеңістікте тұру артықшылықтарын сақтай отырып, білім алу және кәсіби жағынан өзін-өзі таныту мүмкіндіктерінің жоғарылауы дәстүрлі ірі индустриялық қаламен салыстырғанда, агломерацияда тұрудың тартымдылығын арттыруға мүмкіндік

береді, бұл тиісінше халықтың көші-қон ағынын азайтады (Өңірлерді дамыту – 2020, 2016).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 30 шілдедегі №449 Қаулысымен бекітілген «Өңірлерді дамыту» бағдарламасында (Өңірлерді дамыту – 2020, 2016) Қазақстандағы агломерацияларды айқындаудың негізгі шарттары берілген:

1) өңір халқының тығыз орналасуын, көші-қоны ағынын, ресурстық базаны (жер, су, азық-түлік ресурстарын) қамтитын демографиялық сыйымдылық;

2) ыңғайлы географиялық орналасуын, халықаралық көлік дәліздерінен өтуін, көлік то-рабы мен инфрақұрылымның болуын білдіретін логистикалық әлеует;

3) экономикалық әлеует, яғни өзек-қаланың дамуы (өнеркәсіптік, сервистік, еңбек, қаржы, ғылыми әлеует);

4) Қазақстан жағдайларында маңызды болатын өзек-қаланың (астана, республикалық маңызы бар қала) әкімшілік мәртебесі болып табылады, себебі бюджеттік қорлардың бақылануын болжайды.



3-сурет – Қала агломерациясының құрылымдық-функциялық байланыстары

Осылайша, Қазақстан Республикасындағы агломерациялық даму проблемасын ескере отырып, жоғарыда көрсетілген өлшемдерді есепке ала отырып, сондай-ақ олардың даму коэффициенттерін және халық санын есептеу негізінде бірінші және екінші деңгейдегі агломерациялар (перспективалы агломерациялар) айқындалған (Өңірлерді дамыту – 2020, 2016).

Аталған бағдарламада бірінші деңгейдегі агломерацияларға орталықтары Астана, Алматы және Шымкент қалаларында орналасқан агломерациялар (даму коэффициенттері тиісінше 0,69, 13,03 және 7,4-ке тең), ал екінші деңгейдегі агломерацияларға – Ақтөбе және Ақтау қалаларында орталықтары бар агломе-

рациялар (тиісінше 0,97 және 0,18) жатады. Агломерациялардың даму шегі 1,0-ге тең даму коэффициентімен айқындалады.

Агломерациялық ареалды делимитациялау үшін (шекараларды белгілеу) изохрон әдісі пайдаланылған, ол агломерация орталығына (ядро, өзек) баруға қажетті уақыт шығындарын ескере отырып, агломерацияның шекарасын айқындауды білдіреді. Агломерацияның шекарасы ретінде бірінші деңгейдегі агломерациялар үшін 1,5-сағаттық изохрон және екінші деңгейдегі агломерациялар үшін 1,0-сағаттық изохрон қабылданды. Аталған әдістің көмегімен агломерация аумағының шегінде елді мекендер сәйкестендірілді (Өңірлерді дамыту – 2020, 2016).

Алматы агломерациясының көлік жетімділігінің 1,5-сағаттық изохронына қала маңында орналасқан Алматы облысының бес әкімшілік


ауданы (Қарасай, Талғар, Іле, Еңбекшіқазақ, Жамбыл) және Қапшағай қаласы кіреді (1-кесте) (Өңірлерді дамыту – 2020, 2016).

1-кесте – Көлік жетімділігінің (изохрон) уақытын есептеу

Атауы (елді мекендер)	Автомобиль жолы бойынша агломерация негізінен қашықтығы, км	Орташа жылдамдық, км/сағ	Елді мекеннен жолдағы уақыт, сағ. мин. (3-бағ./4-бағ.)
Алматы – Қапшағай қ.	75	90	0,83
Алматы – Талғар ауданы	31	90	0,34
Алматы – Еңбекшіқазақ ауданы	59	90	0,66
Алматы – Қарасай ауданы	26	90	0,29
Алматы – Іле ауданы	39	90	0,43
Алматы – Жамбыл ауданы	52	90	0,58

Осы Бағдарламада Қазақстан Республикасының қоныстандырылуының топтық жүйелер желісінің агломерациялық әлеуетін айқындау үшін КСРО Ғылым Академиясының Геогра-

фия институтының (қазіргі Ресей ғылыми академиясының география институты) әдістемесі пайдаланылған. Осы әдістеме негізінде 3 негізгі шарттары анықталды (4-сурет).



4-сурет – Алматы агломерациясының даму критерийлері

ҚР Өңірлік даму министрлігінің стратегиялық жоспарларына сәйкес, қазіргі таңда басты мақсат бұл агломерациялардың қала құрылысы саясатын үйлестіру болып табылады. Бұл мәселе ең алдымен Алматы мен Астана қалалары бойынша шешілуде: Алматыда қолданыстағы шектердің агломерация ядросы, бұл жерде ерекше қала құрылысын реттеудің аймағын анықтау туралы шешім қабылданған. Бұл аймақта кейбір құрылыс объектілері қала және облыс арасындағы келісім бойынша жүргізіледі. Одан кейін агломерацияның тартылыс аймағы – оның шеңберінде агломерация бір жарым сағаттық қолжетімділік ареалында кеңейе алады.

Бұдан өзге, агломерациялар үшін контрмагнит қалалардың болуы қарастырылады, олар демографиялық ағынның бір бөлігін алады, осылайша демографиялық қысымды төмендетеді. Яғни, Алматы маңында орналасқан Есік, Талғар, Қапшағай, Қаскелең, Өтеген батыр сынды елді-мекендерде жана жұмыс орындарын көптеп ашу арқылы перифериядан-орталыққа бағытталған күнделікті көші-қон ағынын азайтуға болады. Контрмагнит қалаларды дамыту – агломерациялар мен тартылу аймақтарының үйлесімді дамуына жағдай жасайды. Бұлардың арасындағы байланыс жаңа технологиялық шешімдерді пайдаланып біріктірілген көліктік

және инфокоммуникациялық жүйе ретінде қалыптасуы тиіс. Алматы қаласы ішінде және негізгі бағыттар бойынша, қалалардың өз аймақтарының басты композициялық осьтерінде LRT (жеңіл рельсті көлік) желісін және BRT құру маңызды. Сонымен, 2020 жылға дейінгі Алматы агломерациясын дамытудағы басты мақсат экономикалық, қаржылық, инновациялық қызметтер үшін кадрларды және инфрақұрылымдық жағдайды қолайландыру, инновациялық белсенділік деңгейін арттыру мәселесі болып табылады.

Қорытынды

Тақырыптық зерттеу барысында алынған негізгі ғылыми тұжырымдарды және талдау нәтижелерін төмендегідей қорытындылауға болады:

– Алматының агломерация ядросы және іргелес аумақтарының (ядроға тартылыс аумағы) өзара байланысы ғылыми-әдістемелік тұрғыдан талданды. Агломерациялардың жаратылысы мен дамуына қатысты теориялық еңбектерге шолу жасау негізінде Алматының Қазақстандағы

ең ірі қала ретінде өзінің дамуында «ядродан» (қала-орталық) және перифериядан (оларды қоршайтын серіктерден) тұратын агломерацияға айналу жолында дамып жатқандығы анықталды. Зерттеу материалдары негізінде агломерацияның басты белгілері ажыратылып, қалалық агломерациялар қалыптасуының басты бағыттары айқындалды. Агломерация ядросы саналатын қала аумағының ұлғаюына қатысты деректер жүйеленді, мемлекеттік заңды құжаттарға талдау жасай отырып, қала агломерациясының даму шарттары анықталды.

– Қала аумағының тәуелсіздік жылдарындағы ауқымды өзгерістері болғанымен, аумақтың демографиялық сыйымдылығының шектеулі сипаты Алматы үшін халық санының шексіз өсуін реттеу және дамудың жаңа принциптеріне көшу мәселесінің өзекті екендігін айқындап берді. Жылдам өсіп келе жатқан Алматы агломерациясында әлеуметтік-демографиялық жағдайды басқаруды бақылауға алу қажеттілігі негізделді. Өйткені агломерациялану үдерісіне бақылау жасауды азайту «жалған урбандалу» феноменіне алып келеді және қаладағы жалпы әлеуметтік үйлесімсіздікті арттырады.

Әдебиеттер

- Bertinelli L. и Balck D. Urbanization and growth [Статья] // Journal of Urban Economics. – 2004. – 56 : Т. 1. – С. 80-96.
- Beysenova A. S. [и др.] Innovative development of cities: theoretical aspects [Статья] // KazNU Bulletin. Geography series. – [б.м.] : Qazaq Universiteti, 2016 г.. – 42: Т. 1. – С. 10-15.
- Doxiadis D. A. The emerging great lakes magalopolis [Журнал] // Proceedings of the IEEE. – 1968 г.. 4: Т. 56. – С. 402-424.
- Fang C. и Yu D. Urban agglomeration: An evolving concept of an emerging phenomenon [Статья] // Landscape and Urban Planning. – 2017 г.. – 151. – С. 126-136.
- Glen M. MacDonald The World of the City [В Интернете] // American Association of Geographer. – 2018 июль 1 г.. – <http://news.aag.org/2016/09/the-world-of-the-city/>.
- Gottmann J. Megalopolitan systems around the world [Статья] // Ekistics. – 1976 г.. – 243 : Т. 2. – С. 109-113.
- Kawashima T. Papers of the Regional Science Association [Конференция] // Urban agglomeration economies in manufacturing industries. – 1975. – С. 157-175.
- Lang R. и Knox R. K. The new metropolis: Rethinking megalopolis [Статья] // Regional Studies. – 2009 г.. – 43. – Т. 6. – С. 789-802.
- NOMAD = О развитии городских агломераций в Казахстане = О развитии городских агломераций в Казахстане . – 3 октябрь 2012 г..
- Portnov B. A. Urban clustering, development similarity, and local growth: A case study of Canada [Статья] // European Planning Studies. – 2006 г.. – С. 1287-1314.
- Portnov B. A. и Schwartz M. Urban clusters as growth foci [Статья] // Journal of Regional Science. – 2009 г.. – 49 : Т. 2. – С. 287-310.
- Scott A. J. Global city-region: Trends, theory, policy. [Книга]. – Oxford : Oxford University Press, 2001.
- Studies of city-regions – survey on the regional economic foundation of urban development [Статья] // Acta Geographica Sinica. – 1980 г.. – Т. 4. – С. 277-287.
- The World's Cities in 2016 – Data Booklet (ST/ESA/SER.A/392) // Population Division. – [б.м.] : United Nations, Department of Economic and Social Affairs, 2016 г..
- Wu Q. Spatial structural characteristics and evolutionary mechanisms of urban cluster-from urban agglomeration to metropolitan belt [Статья] // Human Geography. – 1999 г.. – 14 : Т. 1. – С. 15-20.
- Yao S., Chen Z. и Zhu Y. Urban agglomeration in China [Журнал] // Heifei: University of Science and Technology of China Press. – 2006 г..

- Абдиманатов В. Ш. География природных опасностей и рисков [Книга]. – Алматы : КазНПУ имени Абая, 2012. – С. 240.
- Алматы қаласы әкімдігінің ресми интернет-ресурсы. – Алматы : [б.н.].
- Бейсембаева Р. С. и Алибекова А. Ж. Социально-экономические факторы развития городских агломераций Казахстана. – 2012 г..
- Бейсенова Ә. [и др.] Алматы қаласының инновациялық даму мүмкіншіліктері [Книга]. – Алматы: КазНПУ им. Абая “Ұлағат”, 2014. – С. 136.
- Бейсенова Ә. [и др.] Алматы қаласының инновациялық дамуының концептуалды проблемаларын шешудің экологиялық-географиялық негіздері [Отчет]. – Алматы : [б.н.], 2013. – С. 123.
- Бейсенова Ә. [и др.] Алматы қаласының тұрақты дамуының табиғи-географиялық аспектілері [Книга]. – Алматы : Ұлағат, 2012. – С. 110.
- Генеральный план города Астаны. Утвержден постановлением Правительства Республики Казахстан от 15 августа 2001 года № 1064 = Генеральный план города Астаны. – Астана : [б.н.], 15 август 2001 г..
- Каймулдинова К. Д. и Бейкитова А. Н. Қалалар географиясы [Книга]. – Алматы : Ұлағат, 2014. – С. 80.
- Концепция формирования и развития Алматинской агломерации = Концепция формирования и развития... – [б.м.] : КазНИИСА, 2014. – С. 55.
- Лаппо Г. М. Целенаправленное формирование городских агломераций [Статья] // Проблемы развития агломераций России. – М. : [б.н.], 2009 г. – КРАСАНД. – С. 192.
- Өңірлерді дамыту – 2020. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 30 шілдедегі № 449 қаулысымен бекітілген бағдарлама [В Интернетте] = Өңірлерді дамыту – 2020 // Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан “Әділет” АҚЖ. – 30 шілде 2016 г.. – 2018 г.. – <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000728>.
- Перцик Е. Н. Проблемы развития городских агломераций [Статья] // Градостроительство. – 2009 г. – С. 63-69.
- План-схема города Алматы. Масштаб 1:20 000. – Алматы : РГКП «НКГФ», 2012.
- Указ Президента Республики Казахстан от 16 апреля 2014 года № 798. Об изменении границ города Алматы = Указ Президента Республики Казахстан. – Алматы : ЮРИСТ – комплекс правовой информации, 16 апрель 2014 г..

References

- Acta Geographica Sinica. «Studies of city-regions – survey on the regional economic foundation of urban development.» 1980: 277-287.
- Bertinelli, L., & D. Balck. «Urbanization and growth.» Journal of Urban Economics, 2004: 80-96.
- Beysenova, A. S., K. D. Kaymuldinova, D. T. Aliaskarov, и E. A. Kalimbetov. «Innovative development of cities: theoretical aspects.» KazNU Bulletin. Geography series, 2016: 10-15.
- Doxiadis, D. A. «The emerging great lakes magalopolis.» Proceedings of the IEEE 56, № 4 (1968): 402-424.
- Fang, C., & D. Yu. «Urban agglomeration: An evolving concept of an emerging phenomenon.» Landscape and Urban Planning, 2017: 126-136.
- Glen, M. MacDonald. The World of the City . 2018 июль 1 г. <http://news.aag.org/2016/09/the-world-of-the-city/>.
- Gottmann, J. «Megalopolitan systems around the world.» Ekistics, 1976: 109-113.
- Kawashima, T. «Papers of the Regional Science Association.» Urban agglomeration economies in manufacturing industries. 1975. 157-175.
- Lang, R., & R. K. Knox. «The new metropolis: Rethinking megalopolis.» Regional Studies, 2009, изд. 43: 789-802.
- «NOMAD.» О развитии городских агломераций в Казахстане . 3 октябрь 2012 г.
- Portnov, B. A. «Urban clustering, development similarity, and local growth: A case study of Canada.» European Planning Studies, 2006: 1287-1314.
- Portnov, B. A., & M. Schwartz. «Urban clusters as growth foci.» Journal of Regional Science, 2009: 287-310.
- Scott, A. J. Global city-region: Trends, theory, policy. Oxford: Oxford University Press, 2001.
- «The World’s Cities in 2016 – Data Booklet (ST/ESA/ SER.A/392).» Population Division. United Nations, Department of Economic and Social Affairs, 2016.
- Wu, Q. «Spatial structural characteristics and evolutionary mechanisms of urban cluster-from urban agglomeration to metropolitan belt.» Human Geography, 1999: 15-20.
- Yao, S., Z. Chen, & Y. Zhu. «Urban agglomeration in China.» Heifei: University of Science and Technology of China Press, 2006.
- Abdimanapov, B.Sh. Geography of natural hazards and risks [Geografiya prirodnykh opasnostey i riskov]. Almaty: KazNPU imeni Abaya, 2012.
- Official internet-resource of ALMATY city. Almaty, db
- Beysenbaeva, R.S.&A.J. Alibekova. Socio-economic factors in the development of urban agglomerations in Kazakhstan [Socio-ekonomicheskie faktori razvitiya gorodskih aglomeracij Kazakhstana]. 2012.
- Beisenova, A., and others. Innovative development opportunities in Almaty. [Almaty kalasynyn innovatciyalık damu mumkinshilikleri] Almaty: KazNPU Abaya “Ulagat”, 2014.
- Natural and geographical aspects of sustainable development of Almaty. [Almaty kalasynyn turakty damuynyn tabigi-geografiyalık aspektileri] Almaty: Ulagat, 2012.

Beisenova, A., K. D. Kaimuldinova, B. Sh. Abdymanapov, D. T. Aliaskarov and A. N. Beytitova. «Ecological and geographical bases of solving conceptual problems of innovative development of the city of Almaty» [Almaty kalasynyn innovatciyalyk damuynyn konceptualdy problemalaryn sheshudin ekologiyalyk-geografiyalyk negizderi.] Almaty, 2013, 123.

The general plan of the capital city. Approved by the Government of the Republic of Kazakhstan from August 15, 2001 № 1064. Astana, 15 August 2001 г. Генеральный план города Астаны. [General'nyj plan goroda Astany. Utverzhden postanovleniem Pravitel'stva Respubliki Kazahstan ot 15 avgusta 2001 goda № 1064] Astana, 15 August 2001.

Kaimuldinova, K. D., and A. N. Beytitova. Cities geography. [Kalalar geografiyasy] Almaty: Ulakat, 2014.

Conformation of forming and development of Almaty agglomeration» [Konceptsiya formirovaniya i razvitiya Almatinskoj aglomeraciy] KazNIISA, 2014. 55.

Lappo, G. M. «Purposeful formation of urban agglomerations.» [Celenapavlennoe formirovanie gorodskix aglomeracij] Проблемы развития агломераций России, 2009, изд. КРАСАНД: 192.

«Regional Development Program – 2020. The Program approved by the Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan of July 30, 2016 № 449.» [Onirlerdi damytu – 2020. Kazakstan Respublikasy Ukimetinin 2016 zhylgy 30 shildedegi № 449 kaulysymen bekitilgen bagdarlama] Information and legal system of normative legal acts of the Republic of Kazakhstan “Adlet” IJS. July 30, 2016. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000728> (дата обращения: 2018).

Pertsik, E.N. «Problems of urban agglomeration development.» [Problemy razvitiya gorodskix aglomeratsii] Градостроительство, 2009: 63-69.

«Plan – a scheme of the city of Almaty. Scale 1:20 000.» [Plan – shema goroda Almaty] Almaty: ПКП «НКГФ», 2012.

The Decree of the President of the Republic of Kazakhstan of April 16, 2014 No. 798 [Ukaz Prezidenta Respubliki Kazahstan ot 16 aprelya 2014 goda № 798]. Ob izmenenii granic goroda Almaty. Almaty: YURIST – a complex of legal information, April 16, 2014.